

«Бекітемін»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің
Бауыржан Момышұлы атындағы
№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ

директоры

Ерденова Ж.К.



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де
«Қаһарман орны» облыстық патриоттық жобасын іске асыру туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Жобаның негізгі идеясы – аға ұрпақтың жадын сақтау арқылы, Отанның тарихын, 1941-1945 жж Ұлы Отан соғысының ардагерлері үлгісінде еліміздің қаһармандық өткені мен осы шағын, батырлардың жауынгерлік және ерен еңбектерінің әрекетін зерделеу
- 1.2 Жоба қатысушылары: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің Бауыржан Момышұлы атындағы № 5 жалпы білім беретін мектебі» КММ 5-11 сынып оқушылары.

2. Мақсаты мен міндеттері

- 1.3 Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің, жауынгерлік әрекетінің қатысушыларының, еңбек ардагерлерінің мысалында Отан тарихына, еліміздің қаһармандық өткені мен осы шағына, жауынгерлік әрекеттерінің және ерен еңбегінің батырларын оқушыларының құрметтеуді қалыптастыру үшін жағдай жасау.
- 1.4 Батыр туралы оқушылар жинаған архивтік материалы негізінде мектеп жағдайында «Батыр партасы» жобасын іске асыру үшін жағдай жасау.

2 Жобас міндеттері

- 2.1 Жасөспірімдер мен жастардың адамгершілік және зияткерлік дамуына қолдау көрсету.
- 2.2 Жастардың шығармашылық өзін-өзі көрсетуіне, азаматтық білімі мен патриоттық тәрбиесіне жәрдемдесу.
- 2.3 Мектепте батырдың қаһармандық жолы тураы ақпаратпен «Батыр партасын» жасау.

2. Жобаны ұйымдастыру және өткізу нысаны

- 4.1 Батыр партасы – Ұлы Отан соғысының батыры болып табылатын, Отан тарихына енген мектепке тікелей қатысы бар еңбек сіңірген адам, оның фотосуреті, өмірбаяны, батырлық жолы туралы ақпарат орнатылған оқушы партасы.

4.2 Конкурстық іріктеудің өлшемшарттарын, Батыр партасын бір оқушыға бекіту ұзақтығын Жоба Кеңесі айқындайды.

4.3 Жобаны іске асырудағы ата-аналардың, педагогтердің, батыр туыстырының, мұражайлардың көмегі құпталады.

4.4 Жобаны іске асырудың кезеңі ішінде білім алушылардың отансүйгіштік тәрбиесіне бағытталған тақырыптық іс-шаралар (Естелік вахтасы, Ерлік сабақтары, сынып сағаттары) өткізіледі.

4.5 Жобаның шығармашылық тобымен жобаны өткізу туралы ақпараттық материалдар мектеп сайтында, Instagram, Facebook әлеуметтік желісінде жариялайды.

5. Жобаны іске асыру мерзімі

5.1 Жобаны іске асыру мерзімі: 2023 жылғы 1 ақпаннан 21 желтоқсанға дейін.

6. Жоба қатысушылары

6.1 5-11 сынып білім алушылары.

7. Жоба Кеңесінің міндеттері, құқықтары, міндеттері

7.1 Жобаны іске асыру мақсатында – ұйымдастырушылық комитет – Жоба Кеңесі құрылады.

7.2 Жоба кеңесінің міндеттеріне кіретіні:

- жобаны мектеп сайтында, Instagram мектебінде өткізу туралы ақпаратты тарату;
- есепті жасау және жіберу (фото және бейнематериалдар);
- Instagram әлеуметтік желілерінде, мектеп сайтында жоба нәтижелерінің барысын жариялау.

7.3 Жобас кеңесінің құқығы:

- егер жобаны іске асыру туралы Ереженің ережелері мен шарттары бұзылған болса, үміткерге жобаға қатысу құқығынан бас тарту.

7.4 Жоба кеңесінің міндеттері:

- жобаға қатысу бойынша барлық қатысушылар мен үміткерлер үшін тең жағдай жасау;
- жобаны жүргізу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету;

Жобаны іске асырудың осы Ережеде айқындалған барлық ережелерінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;

- осы Ережені, жобаны дайындау және іске асыру қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауаптылықта болу.

8. Осыпартада отыру құқығы үшін білім алушылардың конкурстық іріктеу өлшем шарттары

8.1 Осыпартада отыруға құқығы бар:

- оқуда жетістіктері бар білім алушылар;
- сынып пен мектеп өміріне белсенді қатысатын білім алушылар;
- спорттық жетістіктері бар білім алушылар;
- конкурстар мен олимпиадалардың жүлдегерлері.

8.2 Ай сайын Жоба Кеңесі оқуда, спортта үздік жетістіктерін көрсеткен, мектеп өміріне белсенді қатысатын, келесі айда батыр партасынан орын алу құқығын алатын білім алушыларды айқындайды. Бұл шешім тиісті хаттамамен бекітіледі.

9. Жобаны сипаттау

9.1 Қазақстанда 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының батырлары мен қатысушылары өте көп.

9.2 1941-1945 жылдар Ұлы Отан соғысының батыры туралы ақпаратты жариялау үшін Жоба Кеңесімен жүзеге асырылады, Батыр партасында жарияланатын Батр туралы ақпарат Жоба Кеңесі дауыс беру арқылы батырды таңдайды.

9.3 Жоба аясында Батыр туралы келесі орналастыру нысаны ұсынылады:

- оқушылар партасындағы ақпарат (логотипі орналастырылған ені 60 см жапсырма, батырдың Т. А. Ә.);
- мектеп сайтындағы ақпарат (логотип, Отан тарихына енген және қазіргі заманның батыры болып табылатын Мектепке тікелей қатысы бар батыр туралы өмірбаяндық анықтама, фотосурет, батырлық жолдың ,вигіктің сипаттамасы, қазіргі уақытта Батыр партасында отырған білім алушының Т.А. Ә.).

9.4 Батыр партасын Бауыржан Момышұлы сынып-мұражайында орнату ұсынылды.

10. Күтілетін нәтижелер

10.1 Қазақстанның әскери тарихын түсіну және құрметтеу:

- қатысушылар арасында патриоттық сезімдер мен ұлттық мақтанышты нығайту
- батырларға, өмірбаяндарға және олардың ел тарихына қосқан үлесіне арналған жобалар жасау
- патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие іс-шараларын насихаттау
- стендтер, Батыр партасы, сайттағы ақпараттық беттер, мектептің Instagram парақшасы құрылады.